## ҚҰБ интернет-дүкенінен монеталарды сатып алу бойынша нұсқаулық

Толыққанды видео-нұсқаулықпен мына жерден таныса аласыз: https://www.youtube.com/watch?v=wtCxZGznBr4.

### 1. Минималды талаптар

Интернет-дүкенде монеталарды сатып алу үшін Қазақстан Республикасы азаматының жеке сәйкестендіру нөмірі және жеке тұлғаның Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландырушы орталығының (бұдан әрі – ҚР ҰКО) электрондық-цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) болуы қажет. Оқшауланған компьютерде кез келген браузерді, сондай-ақ соңғы нұсқадағы NCLayer қосымшасын орнату керек. NCLayer-ді pki.gov.kz сілтемесі арқылы жүктеуге болады.

### 2. Жұмыс орны

Сайтты қарау тауарларды сатып алу функционалына қол жеткізе алатын, тіркеуден және авторизациядан өткен сатып алушылар үшін қолжетімді.

Интернет-дүкеннің басты бетінде Пайдаланушы үшін уақыт белдеуі (Астана қ.) көрсетілген ағымдағы күн мен уақыт, тілді өзгерту мүмкіндігі, кіру/тіркеу бойынша белсенді сілтеме, басты бетке белсенді сілтеме, монеталар, филиалдар тізімі, іздеу өрісі, ақпараттық жол қолжетімді.



1. Пайдаланушы жеке тұлғаның ҚР ҰКО ЭЦҚ-ын пайдалана отырып, интернет-дүкеннің сайтында өз бетінше тіркелу мүмкіндігіне ие. Пайдаланушы тіркелу кезінде парольді ЭЦҚ-дан енгізеді.









2. ҚР ҰКО ЭЦҚ-ны пайдалана отырып тіркелгеннен кейін пайдаланушы міндетті түрде: e-mail (логин), парольді, жеткізу мекенжайын, мобильді телефонын көрсетеді. Барлық жолдар толтырылуы тиіс.

3. Пайдаланушыларды аутентификациялау жеке тұлғаның ҚР ҰКО ЭЦҚ-ы арқылы және парольді енгізе отырып жүзеге асырылады. Парольдің ұзындығы - кемінде 12 (он екі) таңба. Пароль пернетақтаның ағылшын тілінде орналасуындағы таңбалардың кемінде 4 (төрт) түрінен (бас әріппен жазылған әріптер, кіші әріппен жазылатын әріптер, сандар, тыныс белгілері/арнайы таңбалар) тұрады.







4. Тіркеу кезінде Пайдаланушы қызыл жолдағы сілтемеге өтіп, Пайдаланушылық келісімнің шарттарымен міндетті түрде танысады.




5. Пайдаланушы Пайдаланушылық келісімнің шарттарымен келіскен кезде оған өзінің ЭЦҚ-мен қол қояды.







6. Пайдаланушылық келісімге қол қоюдан бас тартқан кезде пайдаланушы монеталарды сатып алу үшін интергнет-дүкенді пайдалана алмайды.

7. Парольді 5 реттен артық дұрыс енгізбеген жағдайда, интернет-дүкен пайдаланушының есептік жазбасын бұғаттайды. Пайдаланушы интерфейсте парольді енгізген кезде тиісті хабарлама алады, сондай-ақ тіркелген e-mail-ге хабарлама алады. E-mail хабарламасында есептік жазбаны бұғаттан шығару рәсімінің сипаттамасы қамтылады.

8. Парольді қалпына келтіру авторизация терезесінде қол жетімді «Парольді ұмыттым» деген сілтеме арқылы жүзеге асырылады.




9. Парольді қалпына келтіру бөліміне өту кезінде интернет-дүкен парольді өзгерту үшін сілтеме жіберілетін пайдаланушының тіркелген e-mail мекенжайын сұрайды және пайдаланушыға тиісті хабарлама көрсетіледі.







10. Парольді ауыстыру сілтемесі бойынша өту кезінде пайдаланушыға жаңа парольді енгізу және жаңа парольді енгізуді растау (енгізілген парольді тексеру) үшін жаңа бет беріледі.







11. Пайдаланушының деректерді редакциялау мүмкіндігі, оның ішінде парольді өзгерту мүмкіндігі бар.




12. Пайдаланушы тапсырыстар тарихын қарап шығу мүмкіндігіне ие.




13. Тапсырыс тарихы мыналарды: тапсырыс нөмірін, тапсырыс тауарының қысқаша атауын, тапсырыс күнін, тапсырыс күйін, тапсырыстың трек нөмірін (бар болса) қамтиды.




14. Тапсырыстың трек нөмірі бақылау үшін курьерлік қызметтің сайтына кіре отырып, белсенді батырма түрінде іске асырылады.




15. Пайдаланушы тапсырыс нөмірін басу арқылы әр тапсырысты толығырақ көре алады.




16. Тапсырыс туралы толық ақпарат тапсырыс құрамы туралы ақпаратты: тауардың атауын (жекелеген позициялармен), тауар бірлігінің бағасын, тауар санын, тауардың жиынтық сомасын (әрбір позиция бойынша), жеткізу құнын (бар болса), сақтандыру құнын (бар болса), жеткізуді және сақтандыруды ескере отырып, тауардың жиынтық сомасын қамтиды.




17. Сатып алушы интернет-дүкеннің басты бетінде барлық филиалдарда сатылатын барлық монеталардың бейнелерін көреді.




18. Сатып алушы ашылмалы тізімнен интернет-дүкеннің басты бетіндегі филиалды таңдайды.




19. Филиалды таңдағаннан кейін сатып алушы филиал сататын тауарлардың көрсетілімін көреді.




20. Тауарлар көрсетілімі филиалдар сатуға қойған барлық тауарларды мынадай белгілерімен қамтиды:

- Тауардың атауы
- Тауардың саны
- Тауардың бейнесі

- Тауардың техникалық сипаты




21. Сатып алушы САТЫП АЛУ батырмасын басқан кезде осы өнімнің сатылымдағы саны көрсетілген филиалдардың тізімі берілген терезе ашылады. Филиалдың атауын басқаннан кейін өнім қоржынға салынады.




22. Монетаны сатып алар алдында жүйе Captcha – қосымша тексеруді сұрайды.




23. Пайдаланушының қоржынға өту мүмкіндігі бар.




24. Қоржын терезесі мыналарды қамтиды:

- Тауардың атауы
- Тауар санының цифрмен белгіленуі
- Тауар бірлігінің бағасы
- Тауардың жалпы құны
- Жеткізу және сақтандыру құны
- Тапсырыстың төлеуге ұсынылған жиынтық сомасы




25. Пайдаланушы қоржын терезесінде қолданыстағы шектеулерді ескере отырып, қоржынға салынған тауардың мөлшерін өзгерте (көбейте/азайта) алады.




26. Пайдаланушы қоржын терезесінде тауарды алып тастай алады.




27. Пайдаланушы қоржын терезесінде тапсырысты алу тәсілін таңдай алады: 1) курьерлік қызметпен жеткізу, 2) таңдап алынған филиалдан өзі келіп алып кету. Егер монетаны өзі келіп алып кету арқылы ғана сатып алуға болатын

болса, онда жеткізуді таңдау мүмкіндігі жоқ. Егер монетаны жеткізу тәсілімен ғана сатып алуға болатын болса, онда өзі келіп алып кетуді таңдай алмайсыз. Бір тапсырыс шеңберінде монеталарды сатып алудың тек бір тәсілін таңдауға және тек бір филиалдан ғана сатып алуға болады. Бір тапсырыс аясында әр түрлі филиалдардан жеткізудің түрлі тәсілдерімен сатып алуға монеталарды рәсімдеу мүмкін емес.




28. Тапсырысты алу әдісін таңдағаннан кейін 15 минут ішінде төлем жасалуы керек. Уақытты санау қоржындағы әр позиция бойынша бөлек-бөлек таймерді көрсете отырып жүргізіледі. 15 минут өткеннен кейін төлем жасалмаған жағдайда, тауар интернет-дүкеніне сатуға қайтарылады.




29. «Төлемге өту» батырмасын басқан кезде банк картасымен төлем жасауға арналған терезе ашылады, сатып алушы барлық қажетті деректерді толтырып, тапсырысқа төлем жасайды. Қателер туындаған кезде және банк

картасынан сома есептен шығарылмаған жағдайда Пайдаланушыларға екі рет тапсырысты төлеу әрекетін (барлығы үш әрекет) жасауға мүмкіндік беріледі.




30. Тапсырысқа ақы төлегеннен кейін пайдаланушы чекті басып шығарып, сайтқа қайта орала алады.



epay

Verified by VISA MasterCard SecureCode

Платеж принят

Магазин: PayItForward Application
Продавец: Test merchant 103
Терминал: 92061103

**Halyk Bank сообщает Вам об успешном проведении платежа.**

| | |
|---|---|
| Время транзакции | 2022-12-20 15:30:15 |
| Плательщик | mila milaeva |
| Ваш действующий e-mail | m.mussabayeva@mitwork.net |
| Номер карты | 548318-XX-XXXX-0293 |
| Заказ | 21700995 |
| Сумма заказа | **11000 KZT** |
| Референс | 221220153013 |
| Код ответа | 00 |
| Сообщение | Успешная операция |

Пожалуйста, сохраните или распечатайте данный чек.

Печать

Вернуться на сайт

31. Тапсырысты өзі келіп алып кету жолымен ақы төлегеннен кейін пайдаланушының жеке кабинетінде өз тапсырысының растамасын жүктеу/басып шығару мүмкіндігі беріледі (растау электрондық поштаның тіркелген мекенжайына хабарлама ретінде де келеді).




32. «Тапсырыс туралы деректер» батырмасын басқан кезде Пайдаланушы интернет-дүкеніне қайта оралып, тауарды алып кету үшін ыңғайлы күн мен уақытты таңдайды.












33. Филиалдар тапсырыстың басып шығарылған растамасын тексеріп, жеке куәлік болған кезде тапсырыстарды береді.


Наши контакты
Вопрос-ответ
Полезное
31.01.2023, 16:48 (г. Астана)
РУС
Яна
QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI
КОРЗИНА
Главная / Мои заказы / Заказ #21701159
Заказ #21701159
26.01.2023, 16:36:52
В PDF
Исполнен
Получатель
ИИН:
ФИО: Ермилова Яна
Email:
Контактный телефон:
Адрес самовывоза
Пункт самовывоза: Атырауский филиал (г. Атырау)
Дата и время посещения пункта самовывоза: 2023-01-27 11:10:00
ПЕРЕБРОНИРОВАТЬ
ОТМЕНИТЬ
Стоимость монет: 500.00 ₸
Количество монет: 1 шт
Итого: 500.00 ₸